

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

**Профессор-оқытушы құрамының университеттегі білім беру процесінің
сапасына және еңбек жағдайына қанағаттануы бойынша сауалнама есебі**

Павлодар, 2023 ж.

Мазмұны

Кіріспе	3
Профессор-оқытушы құрамының білім беру процесінің сапасына және университеттегі еңбек жағдайларына жалпы қанағаттануы	4
Профессор-оқытушы құрамынан сауалнама алу нәтижесі бойынша негізгі қорытынды	7

Кіріспе

Павлодар педагогикалық университетінің жобалық офісі стратегиялық жоспарлау және мониторинг бөлімімен 2023 жылғы қаңтарда оқытушылардың университеттегі білім беру процесінің сапасына және еңбек жағдайына қанағаттану деңгейін анықтау және одан әрі арттыру үшін профессор-оқытушы құрамына (ОПҚ) сауалнама жүргізілді.

Сауалнама барысында профессор - оқытушы құрамының пікірі жан-жақты ескеріліп, барлық білім беру бағдарламасының ішінен 142 респондент сұралды. Жоғары мектептер бөлінісінде іріктемедегі респонденттердің пікірі мынадай түрде ұсынылған: 38% гуманитарлық ғылымдар, 18,3% педагогика, 23,9% жаратылыстану, 19,7% өнер және спорт (1-суретті қараңыз).

142 ответа



1-сурет - Жоғары мектептердің ОПҚ іріктеудегі өкілдігі

Профессор-оқытушы құрамының білім беру процесінің сапасына және университеттегі еңбек жағдайына жалпы қанағаттануы

Университеттің профессор-оқытушы құрамына құпиялылық кепілдіктері және жауаптарды жалпылама түрде пайдалану шарттарымен бағаланатын критерийлердің әрқайсысы бойынша университеттегі білім беру процестерінің сапасына және еңбек жағдайына қанағаттану дәрежесін бағалау ұсынылды.

1-кестеде көрсетілгендей, респонденттер жалпы университет қызметінің барлық бағытына қанағаттанушылықты жоғары бағалады (жалпы интеграцияланған қанағаттану көрсеткіші - 89,5%). Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан оқытушылардың пікірінше, ЖОО қызметінің ең күшті жақтары академиялық (оқу-әдістемелік) қызмет (96,5%) және ғылыми-зерттеу қызметі (91,6%) болып табылады. Күштілігі төмен жақтар: тәрбиелік, ұйымдастырушылық және имидждік қызмет (89,4%), сондай-ақ білім беру, ғылыми және басқа да қызмет түрлерін дамыту үшін жағдай жасайтын ЖОО инфрақұрылымы (80,3%).

1-кесте-ОПҚ-ның ЖОО қызметіне жалпы қанағаттануы
(сауалнамаға қатысқандар санының пайызымен, N=142)

№	Бағаланатын критерийлер	Жауап нұсқасы	
		Қанағаттанды	Қанағаттанбады
1	Академиялық (оқу-әдістемелік) қызметі	96,5%	3,5%
2	Ғылыми-зерттеу қызметі	91,6%	8,4%
3	Тәрбиелік, ұйымдастырушылық және имидждік қызметі	89,4%	10,6%
4	Білім беру, ғылыми және басқа да қызмет түрлерін дамыту үшін жағдай жасайтын ЖОО-ның инфрақұрылымы	80,3%	19,7%
	Интеграцияланған қанағаттану көрсеткіші	89,5%	10,5%

2-кестеде жалпы профессор-оқытушы құрамының білім беру бағдарламасын басқаруға қатысуға қанағаттануының жоғары деңгейі көрсетілген (орташа мәні - 86,3%). Алайда осы көрсеткіш бойынша ең күшті жақтары: ақпараттың қолжетімділігі (89,4%) және шешім қабылдауға қатысу (85,9%), сондай-ақ өкілеттіктер мен жұмыспен қамту көлемі (85,2%) болып табылады. Өзгерістерге және оларды енгізуге қанағаттану біршама аз (84,5%).

2-кесте-Білім беру бағдарламасын басқаруға қатысу
(сауалнамаға қатысқандар санының пайызымен, N=142)

№	Бағаланатын критерийлер	Жауап нұсқасы	
		Қанағаттанды	Қанағаттанбады
1	Ақпараттың қолжетімділігі	89,4%	10,6%
2	Шешім қабылдауға қатысу	85,9%	14,1%
3	Жұмыспен қамтудың өкілеттіктері мен көлемі	85,2%	14,8%
4	Өзгерістерге және оларды енгізуге қанағаттану	84,5%	15,5%
	<i>Орташа мән</i>	86,3%	13,7%

Профессор – оқытушы құрамының әлеуетін дамытуға және ұжымдағы психологиялық ахуалға қанағаттанудың жоғары деңгейі (орташа мәні-92,3%) 3-кесте көрсетеді. Сонымен қатар университеттің даму және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері (96,7%) және университеттің ұйымшыл ұжымындағы қарым-қатынастардың өзі (94,4%) күшті жақтары болып табылады. Мансаптық өсу перспективасы (89,4%) және университет басшылығының оқытушыларға деген қатынасы (88,7%) оқытушылардың қанағаттанушылығын біршама төмендетеді.

3-кесте-Ұжымдағы әлеуетті дамыту және психологиялық климат
(сауалнамаға қатысқандар санының пайызымен, N=142)

№	Бағаланатын критерийлер	Жауап нұсқасы	
		Қанағаттанды	Қанағаттанбады
1	Даму және жетілдіру мүмкіндігі	96,7%	3,3%
2	Ұжымдағы қатынас	94,4%	5,6%
3	Мансаптық өсу перспективасы	89,4%	10,6%
4	Басшылық тарапынан қатынас	88,7%	11,3%
	<i>Орташа мән</i>	92,3%	7,7%

4-кестеден көріп отырғанымыздай, жалпы профессор-оқытушы құрамы әлеуметтік мәселелерге қанағаттанудың жоғары дәрежесін (орташа мәні - 86,3%) атап өтеді. Бұл ретте денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі (94,4%), жұмыспен қамту кепілдігі (93%), тең мүмкіндіктер (88%) және жалдау шарттары (87,3%) неғұрлым күшті жақтар болып табылады. Әлсіз жағы оқытушылардың еңбекақыға қанағаттануы (69%). Сонымен қатар респонденттердің 31% - ы жалақыға қанағаттанбағанын атап өткен жөн.

4-кесте-Әлеуметтік мәселелер
(сауалнамаға қатысқандар санының пайызыме, N=142)

№	Бағаланатын критерийлер	Жауап нұсқасы	
		Қанағаттанды	Қанағаттанбады
1	Денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі	94,4%	5,6%
2	Жұмыспен қамту кепілдіктері	93%	7%
3	Тең мүмкіндіктер	88%	12%
4	Жалдау шарттары	87,3%	12,7%
5	Еңбекақы	69%	31%
	<i>Орташа мәні</i>	86,3%	13,7%

5-кестеде жалпы респонденттер университеттің жалпы имиджіне қанағаттанушылықты жоғары бағалайтыны көрсетілген (орташа мәні - 94,1%). Бұл ретте күшті жақтары: ЖОО-ның құндылықтарына, миссиясына, көзқарасына, саясаты мен стратегиясына қанағаттану (96,5%) және ЖОО-ның қоғам өміріндегі рөліне қанағаттану (96,5%) болып табылады. Сонымен қатар университет басшылығының жекелеген бағыттар бойынша қызметі оқытушылардың біршама аз қанағаттануын тудырады (89,4%- оң бағалайды).

5-кесте-Оқу орнының жалпы имиджі
(сауалнамаға қатысқандар санының пайызымен, N=142)

№	Бағаланатын критерийлер	Жауап нұсқасы	
		Қанағаттанды	Қанағаттанбады
1	Университеттің құндылықтарына, миссиясына, пайымына, саясатына және стратегиясына қанағаттану	96,5%	3,5%
2	Университеттің қоғам өміріндегі рөліне қанағаттану	96,5%	3,5%
3	ЖОО басшылығының қызметіне қанағаттану	89,4%	10,6%
	<i>Орташа мән</i>	94,1%	5,9%

Профессор-оқытушы құрамының сауалнамасының нәтижесі бойынша негізгі қорытынды

- университеттің профессор-оқытушы құрамы университет қызметінің бағыттарына қанағаттанушылығын жоғары бағалайды (Жалпы интеграцияланған қанағаттану көрсеткіші - 89,5%). Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан оқытушылардың пікірінше, ЖОО қызметінің ең күшті жақтары академиялық (оқу-әдістемелік) қызмет (96,5%) және ғылыми-зерттеу қызметі (91,6%) болып табылады. Күштілігі төмен жақтар: тәрбиелік, ұйымдастырушылық және имидждік қызмет (89,4%), сондай-ақ білім беру, ғылыми және басқа да қызмет түрлерін дамыту үшін жағдай жасайтын ЖОО инфрақұрылымы (80,3%).

- профессор-оқытушы құрамының білім беру бағдарламасын басқаруға қатысуына қанағаттанушылығын жоғары деңгейі анықталды (орташа мәні - 86,3%). Алайда осы көрсеткіш бойынша ең күшті жақтары: ақпараттың қолжетімділігі (89,4%) және шешім қабылдауға қатысу (85,9%), сондай-ақ өкілеттіктер мен жұмыспен қамту көлемі (85,2%) болып табылады. Өзгерістерге және оларды енгізуге қанағаттану біршама аз (84,5%).

- профессор-оқытушы құрамының әлеуетін дамытуға және ұжымдағы психологиялық ахуалға қанағаттанудың жоғары деңгейі анықталды (орташа мәні - 92,3%). Сонымен қатар университеттің даму және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері (96,7%) және университеттің ұйымшыл ұжымындағы қарым-қатынастардың өзі (94,4%) күшті жақтары болып табылады. Мансаптық өсу перспективасы (89,4%) және университет басшылығының оқытушыларға деген қатынасы (88,7%) оқытушылардың қанағаттанушылығын біршама төмендетеді.

- жалпы профессор-оқытушы құрамы әлеуметтік мәселелерге қанағаттанудың жоғары дәрежесін атап өтеді (орташа мәні - 86,3%). Бұл ретте денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі (94,4%), жұмыспен қамту кепілдігі (93%), тең мүмкіндіктер (88%) және жалдау шарттары (87,3%) неғұрлым күшті жақтар болып табылады. Әлсіз жағы - оқытушылардың еңбекақыға қанағаттануы (69%). Сонымен қатар респонденттердің 31% - ы жалақыға қанағаттанбағанын атап өткен жөн.

- респонденттер университеттің жалпы имиджіне қанағаттанушылықты жоғары бағалайды (орташа мәні - 94,1%). Бұл ретте күшті жақтары: ЖОО-ның құндылықтарына, миссиясына, пайымына, саясаты мен стратегиясына қанағаттану (96,5%) және ЖОО-ның қоғам өміріндегі рөліне қанағаттану (96,5%) болып табылады. Сонымен қатар университет басшылығының жекелеген бағыттар бойынша қызметі оқытушылардың қанағаттанушылығын біршама төмендетеді (89,4% оң бағалайды).

- оқытушылар ашық жауаптарда академиялық (оқу-әдістемелік), ғылыми - зерттеу, сондай-ақ ЖОО-ның тәрбиелік, ұйымдастырушылық және өзге де қызметіндегі ықтимал қиындықтар мен проблемаларға баға берді. Сонымен қатар сауалнамалардың басым көпшілігінде профессор - оқытушы құрамының кең тараған танымал жауабы: «барлығы жақсы, ешқандай проблема немесе қиындық жоқ».

- сұхбаттасқан профессор-оқытушы құрамы ашық жауаптарда университет басшылығына білім беру үдерістерінің сапасын арттыру, ОПК еңбек жағдайларын

жетілдіру, сондай-ақ Павлодар педагогикалық университетінің қызметін жетілдіру және оны одан әрі дамыту перспективасы бойынша бірқатар ұсыныс пен ұсыным берді.

Жобалық офисінің
Стратегиялық жоспарлау және мониторинг
бөлімінің 0,5 мөлшерлемелі сарапшысы,
әлеум.ғ.к., профессор



О.Е. Комаров

25.01.2023 ж